



ШЫҢЖАН ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ
РУХАНИ МӘДЕНИЕТ ҮЛГІЛЕРІ

АЛТАЙ-ТАРБАҒАТАЙ
ӨҢІРІНІҢ
СЫБЫЗҒЫ КҮЙЛЕРІ



ШЫҢЖАН ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ
РУХАНИ МӘДЕНИЕТ ҮЛГІЛЕРІ



АЛТАЙ-ТАРБАҒАТАЙ
ӨҢІРІНІҢ
СЫБЫЗҒЫ КҮЙЛЕРІ



Алматы «Атамұра» 2008

ББК 85.92 я 72

А 46

**И. Н. Тасмағамбетов, редакция алқасының төрағасы,
Астана қаласының әкімі**

Редакция алқасы:

Долда Кенешұлы, күйлерді жинақтап жеткізуші

Білал Ысқақов, жауапты шығарушысы

Ұлықбек Есдәулет, әдеби редакторы

Айтқали Жайымов, музыкалық редакторы

Еділ Құсайынов, күйлерді нотаға түсіруші, зерттеуші

*Құрманғазы атындағы Қазақ Ұлттық консерваториясының
ғылыми кеңесінде қаралып мақұлданған*

А 46 Алтай–Тарбағатай өңірінің сыбызғы күйлері. Жинақтап құрастырған Долда Кенешұлы. — Алматы: Атамұра, 2008. — 192 бет.

ISBN 9965-34-806-5

Бұл басылымда Қытай еліндегі қандастарымыздың арасында кең тараған сыбызғы күйлері алғаш рет нотаға түсіріліп жинақталған.

Қазақтың дәстүрлі музыка өнерінде ерекше бағаланатын сыбызғы күйлері — көне сарынды, байырғы бабалар үнін жеткізетін айрықша рухани құндылық.

Жинақ музыка мамандарына, сыбызғышы-орындаушыларға арналған. Кітап Астана қаласының 10 жылдық мерейтойына тарту ретінде ұсынылып отыр.

А 43060218000-032
418(05)-08

ББК 85. 92 я 72

ISBN 9965-34-806-5

Кенешұлы Д., 2008

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Сарыарқаның төрінде бой түзеген ару Астананың онжылдық тойы — ең алдымен, мәдени және рухани маңызы зор оқиға. Оның негізінде қабырғалы халқымыз бен еңселі еліміздің санғасырлық тағдыры жатыр.

Тауы — тарих, құмы — шежіре қазақ даласы бір қарағанда өзгеріс атаулыға бейжай көрінгенімен, оның құрсағында қалыптасқан бір ақиқат бар. Ол — дала рухы.

Далаға ұлан-асыр рухани дәулет тән. Даланың рухы — ұрпақтан ұрпаққа жалғасқан ата салтында, даналығы — оның төсін жайлаған жұрттың өмір сүру қалпында.

Кез келгенге көне мұраларымыз жайдақ кітап сияқты ә дегеннен-ақ ақтарыла салмайды. Олардың құпиясы — тұңғыықта, қалтарысы — тереңде. Үңіліп, зерделеп, зерттеу, тер төге отырып реттеу — ғалымдарымыздың, қолына қалам ұстаған зиялы қауым өкілдерінің, қала берді көзі ашық, көкірегі ояу әрбір азаматтың абзал борышы.

Осы тұрғыдан келгенде, тағдыр тауқыметімен кезінде шекара асып, кейіннен туған жерге қайта оралған Долда Кенешұлының қолдарыңызға тиіп отырған **«Шыңжан қазақтарының рухани мәдениет үлгілері»** атты жинағы ұлттық мәдени қорымызға, Елбасы бастап, ел қоштаған, тәуелсіз мемлекеттігіміздің даусыз дәлелі **«Мәдени мұра»** мемлекеттік бағдарламасына қосылған аса құнды дүние болып табылады.

Белгілі этнограф, музыка және фольклортанушы, ардагер Долда ағамыздың көп жылдар бойы көз майын тауысып жинаған бұл жәдігерлері Шоқан Уәлиханов пен Александр Затаевичтердің ұлттық мәдениетімізге сіңірген ұшан-теңіз еңбегімен салыстыруға тұрарлық. Әсіресе өскелең ұрпақ үшін.

Шын мәнінде, ұлттық мәдениет, ұлттық рух — бесіктен белі шықпаған баладан басталады. Тәуелсіз, егемен, еркін еліміз әлемнің төрт бұрышына бірдей танылып, саяси-әлеуметтік және экономикалық жағынан тұрақты даму жолына түскен бүгінгі күні мұның өзі ел үшін ең басты мұраттардың бірі. Сондықтан жас ұрпақ бойында отансүйгіштік сезімді тәрбиелеп, қалыптастыру, мәдени мұраларымыздың сыры мен қырын ашып, халықтың игілігіне жарату — баршамыз

үшін үлкен парыз. Бұл ретте жарық көріп отырған осы еңбекті жан-жақты әрі мүқият даярлап, баспаға өзірлеуге атсалысқан ақын Ұлықбек Есдәулетке, музыка мамандары Біләл Ысқақов пен Айтқали Жайымовқа, сыбызғышы Еділ Құсайыновқа шынайы алғысымды айтқым келеді.

Долда Кенешұлының аталмыш еңбегін Елордамыздың мерейтойына тамаша тарту деп қабылдайық.

*Құрметпен,
Қазақстан Республикасы
ЮНЕСКО істері жөніндегі
Ұлттық комиссиясының
төрағасы*

 **ИМАНФАЛИ ТАСМАҒАМБЕТОВ**

СИҚЫРЛЫ САЗДЫ СЫБЫЗҒЫ ӨНЕРІ

Еліміз тәуелсіздік алғаннан бері қазақ халқы тарихының небір жарқын беттері көптеп ашылып келеді. Сондай ұлттық құндылықтар қатарында, сөз жоқ, музыка мәдениетіміздің алатын орны ерекше. Ұлттық мәдениет пен өзіндік ерекшеліктердің негізін құрайтын дәстүрлі музыкамыздың аспаптық саласы әсіресе, домбыра мен қобыз күйлерінің жақсы сақталған мол мұрасымен белгілі болып келді, ал осы ұлттық саз өнеріміздің ең аз сақталған түрлерінің бірі сыбызғы күйлері еді.

Ұлы дала төсінде жөңкіле көшіп жүрген бабаларымыздың ең байырғы музыка аспаптарының бастысы да осы сыбызғы аспабы болған. Ежелден көшпелі малшылардың сүйікті аспабына айналған **сыбызғы** атауы көне тарихта да жиі кездесіп, табиғаттың өзіне ең жақын үрмелі аспап ретінде кең көлемде аңыз болып айтылып келгені белгілі. Шынында да, бұл аспаптың жасалуы өте қарапайым, ол кәдімгі құрайдан жасалынады. Алғашында аңшылықта қолданылған сыбызғының дыбыс ойықтары да болмаған, тек түрлі дыбыстарға еліктеу барысында ғана асқан шеберлердің қолында түрліше дамып отырған.

Біртіндеп сыбызғы тарту өнері ел ішіне кең тараған, тіпті мұндай өнер ежелгі кезде тайпалар мен рулар ішіндегі айрықша беделге ие болудың басты құралына айналып, үлкен мәртебе саналған. Кейіннен сыбызғының өзіндік орындаушылық үрдісі қалыптасып, түрлі дыбыс ойықтарымен барынша жетілдірілген түрлері пайда болды, сондай-ақ аң-құс жіліктерінен, жезден жасалған сыбызғылар да кең қолданыста болғаны туралы тарихи деректер бар.

Табиғатпен етене араласып, жан-жануарлардың тілін ұғып, небір сырлы саздардан сыр тарта білген көшпелі бабаларымыз өнерінде сыбызғы тарту өнерінің қалыптасқан дәстүрі болғаны анық.

Орта ғасырларға дейін өркен жайған сыбызғы өнері дамуын баяулатып, қобыз бен домбыра аспаптары бел ала бастады. Тәңірлік, бақсылық салттың дамуына байланысты әрі ұлттық-саздық дыбыстану жүйесінің өзіндік түрліше өрістеуіне орай, сыбызғы саздары қобыз бен домбыра күйлерінің «көлеңкесінде» қала берді. Дегенмен, байырғы сыбызғышылық өнер, оның сыңсыған сұлу саздары ұлттың көркемдік жадында үзілмей сақталып, күні бүгінге дейін өз жалғасын тауып отырды. Бертінге дейін, сирек те болса, сыбызғы өуенін тамылжыта салатын орындаушылар ел ішінде кездесіп қалып жүрді.

Сыбызғы тарту өнерінің қайта оралып, жаңғыруына аса үлкен жол ашқан көрнекті музыка зерттеушісі, ірі өнер қайраткері **Болат Сарыбаевтың** ғылыми-тарихи еңбектері екені сөзсіз.

Өткен ғасырдың 70-ші жылдары Алматы қаласында қазақтың ұлттық саз аспаптары мұражайын ашып, онда ұлттық музыка аспаптарының сан түрлі, аса

бай үлгілерін көрсетіп қана қоймай, ондағы орындаушылық өнерге деген мүлде жаңа көзқарасты қалыптастыруға мұрындық болды.

Осылайша, сыбызғы әуеніне деген сағыныш халық жүрегінде қайта оянды.

Баяғы Сармалай, Қанғожа, Тулақ, Құрымбай, Тілеке, Жантелі, Шерубай, Мұса сынды т.б. арқалы сыбызғышылар есімдері ел есіне қайта түсіп, олардың асыл мұралары кеңінен таратыла бастады.

Академик А. Жұбанов бастаған зерттеушілер аз да болса сақталып келген сыбызғы күйлерін нотаға түсіріп, жинақтай бастады. Үзіле жаздаған сыбызғы дәстүрінің соңғы буын өкілдері Шанақ Ауғанбаев, Оспанғали Қожабергенев, Биқан Шерубаев, Макар Сұлтаналиев, Мүйімсат Оңғаров, Ысқақ Уәлиевтердің орындауындағы күйлер сыбызғышылар қолына қайта оралып, өз тыңдаушыларын қуанта бастады.

Егемендік алып, алыс-жақын елдермен мәдени байланыстардың орнатылуы сыбызғы өнеріне де оң өзгеріс әкелді. Башқұртстан, Қытай, Монғолияның Баян-Өлгий аймағындағы сыбызғы тарту өнерінің жақсы сақталып келген дәстүрлері біздегі сыбызғы күй қорын барынша байыта түсті. Консерваторияда сыбызғы мамандығы оқытыла бастады. Оған арнайы білімді сыбызғышы Талғат Мұқышев дәріс береді. Монғолиядан көшіп келген әйгілі сыбызғышы Кәлек Құмақайұлының орындауындағы күйлер жеке жинақ болып, баспадан шығып (құрастырушы Т. Мұқышев), орындаушыларға толық жетіп отыр.

Сыбызғының сыңсыған сиқырлы саздары ұлттық болмысымызды айғақтай түсетін, төлтума мәдениетіміздің рухани мұрасы ретінде болашақ ұрпағымыздың жан жүйесін жылытар жұбанышы, ұлттық мәдени-рухани әлеміміздің өзекті саласы болып жаңғыра түсеріне енді ғана сенгендейміз.

Міне, осылайша қайта өрлеу жолына түскен қазақтың сыбызғы өнеріне тағы бір тарту жасап отырмыз. Ол Алтай-Тарбағатай (Қытай) өңірінде қалыптасқан сыбызғы күйлерінің толық жинағы еді. Ел ішінде жиі орындалатын сыбызғы күйлерінің озық үлгілерін Құттыбай Сыдықұлы, Жұмахан Шотпақұлы, Сүндетхан Оразалыұлы, Төлеген Құндақбайұлы, Нығмет Қабдоллаұлы, Долан Өнербайұлы, Жанымхан Байжұмаұлы және Бейілхан Қалиасқарұлы сынды көрнекті күйшілер орындауында жазып алып, оларды көп жылдар бойы мұқият сақтап, бізге жалғаған, ұлттық өнердің шынайы қайраткер-жанашыры Долда Кенешұлының еңбегі өлшеусіз екені анық. Сол кісінің жеткізуімен жинақталып отырған бұл күйлердің барлығы да алғаш рет нотаға түсірілді.

Негізінен халық күйлері болып келетін күйлердің мазмұны төрт түлік мал, жан-жануарлар, табиғат, көңіл күй және тұрмыс-салт тақырыптарын қамтиды. Күйлердің өзіндік өңірлік құрылымы, орындаушылық, көркемдік ерекшеліктері анық сақталған. Аспап мүмкіндігін сарқа пайдаланған күйлердің айтар ойы, көркемдік жүйесі жоғары кәсіби деңгейден көрініп, әр алуан болып келеді. Сыбызғы тарту өнерінің көне әдіс-амалдары мен қазіргі жетілген үрдістерін де осы

күйлерден көруге болады. Ұлттық дәстүрлі саз өнеріміздің ешкімге ұқсамайтын ерекше құндылықтары саналатын бұл күйлердің халқымызға қайта оралуын мақтан тұтар құбылыс деп санаймыз. Сыбызғы күйлерінің толыққанды зерттелуіне және жеке орындаушылар шеберлігі мен репертуарының арта түсуіне зор үлес қосатын бұл жинақтағы күйлердің халқымыздың аса қажетті рухани жұбанышына айналып кетері сөзсіз.

Алтай-Тарбағатай өңірінің сыбызғы тарту мәдениеті — жалпы қазақ ұлттық музыка өнерінің жарқын да айшықты саласының бірі. Ұлттық мәдениетіміздің ерекше құндылығын байыта түсетін бұл күйлердің ұрпақтан ұрпаққа ауысып, рухани орындаушылық тұрғыдан әрдайым өз жалғасын таба береді деген сенімдеміз.

Ғасырлар бойы үзілмей, осы кезеңге дейін жеткен осындай ұлы рухани мұраларымыздың бүгінгі мен ертеңгі ұрпақтардың игілігіне айналуына зор үлес қосып келе жатқан көрнекті қоғам қайраткері, ұлттық мәдениеттің шынайы жанашыры Иманғали Нұрғалиұлы Тасмағамбетовтың осы жобаға қолдау көрсетіп, баспадан шығуға жасап отырған зор қамқорлығы ұлтым деп отырған талай ұрпақтың шексіз ризашылығын алары сөзсіз.

*Біләл Ысқақов, музыка зерттеушісі, профессор
Еділ Құсайынов, сыбызғышы-зерттеуші,
Халықаралық конкурстардың лауреаты*

1. ҚАЙРАН, ТОТАЙ

Орындаган Нығмет Қабдоллаұлы

Орташа ♩ = 88

f

2. ҚАРАЖАН ХАН

Орындаган Нығмет Қабдоллаұлы

Жай $\bullet = 54$

f

v

v

v

v

v

v

v

3. АҚЫНЖАННЫҢ ҚОҢЫР КҮЙІ

Орындаган Нығмет Қабдоллаұлы

Орташа ♩ = 100

The musical score consists of six staves of music in treble clef. The first staff begins with a dynamic marking of *f* and a tempo marking of "Орташа ♩ = 100". The piece is written in a series of time signatures: 4/4, 6/4, 5/4, 4/4, 5/4, 4/4, 5/4, 4/4, 5/4, 4/4, and 5/4. The melody is characterized by long, sweeping phrases connected by curved lines, with various note values including quarter, eighth, and sixteenth notes, as well as rests. The score concludes with a double bar line at the end of the sixth staff.

4. САРЫБЕЛ ЗӘУРЕШ

Орындаган Нығмет Қабдоллаұлы

Орташа ♩ = 116

The musical score is written on ten staves in 4/4 time. The first staff begins with a treble clef, a key signature of one flat (B-flat), and a dynamic marking of *f*. The tempo is marked 'Орташа' (Moderato) with a quarter note equal to 116 beats per minute. The melody is primarily composed of eighth and sixteenth notes, often grouped in pairs or fours with slurs. The bass line consists of a steady sequence of half notes, with some notes marked with a circled 'e'. The score concludes with a double bar line and repeat dots.

5. АЛАБАЙРАҚ АТТЫҢ ЖҮРІСІ

Орындаған Нығмет Қабдоллаұлы

Тез ♩ = 132

mf

The musical score consists of ten staves of music in 4/4 time. The tempo is marked 'Тез' (Fast) with a metronome marking of 132. The dynamics are marked 'mf' (mezzo-forte). The melody is characterized by eighth-note patterns, often grouped in pairs or fours, and is frequently slurred. The key signature is one flat (B-flat). The score includes a dynamic marking 'mf' at the beginning and a 'v' (forte) marking in the fifth staff. The piece concludes with a double bar line and repeat dots.

6. МАҢҚАБЫЛДЫҢ ҚАРА ҚАСҚАСЫ

I түрі

Орындаған Нығмет Қабдоллаұлы

Тез ♩ = 136

The musical score is written on five staves. The first staff begins with a treble clef, a 4/4 time signature, and a forte dynamic marking 'f'. Above the first staff, the tempo is indicated as 'Тез' (Fast) with a quarter note equal to 136 beats per minute. The music features a series of eighth and sixteenth notes, often grouped with beams and slurs. The second and third staves continue the melodic line with similar rhythmic patterns. The fourth and fifth staves conclude the piece, with the fifth staff ending with a double bar line and repeat dots. The overall structure is a single melodic line with a consistent rhythmic drive.

7. МАҢҚАБЫЛДЫҢ ҚАРА ҚАСҚАСЫ

II түрі

Орындаган Нығмет Қабдоллаұлы

Орташа ♩ = 96

mf

8. МАҢҚАБЫЛДЫҢ ҚАРА ҚАСҚАСЫ

III түрі

Орындаған НЫҒМЕТ ҚАБДОЛЛАҰЛЫ

Тез ♩ = 126

f

p.

p.

p.

9. ЖАНАБЕКТИҢ КӨК БЕСТІСІ

Орындаган Нығмет Қабдоллаұлы

Орташа ♩ = 108

The musical score is written for a single melodic line on a treble clef staff. It begins with a tempo marking 'Орташа ♩ = 108' and a dynamic marking 'mf'. The piece is in 2/4 time. The melody is characterized by a series of eighth-note patterns, often grouped in pairs or triplets, and is frequently sustained by a long slur. The score consists of seven staves of music. The first staff contains the initial melodic phrase. The second and third staves continue the pattern with various rhythmic groupings. The fourth and fifth staves show a continuation of the eighth-note motifs. The sixth staff introduces a change in meter to 3/4 time, indicated by a '3' over the first measure and a '3/4' time signature. The seventh staff concludes the piece in 2/4 time, ending with a double bar line and repeat dots.

10. ЖОРАЛЫҒЕР

Орындаган Нығмет Қабдоллаұлы

Жай ♩ = 69

mp

V

11. ОРАЛҒАННЫҢ ЖОҚТАУЫ

Орындаған Нығмет Қабдоллаұлы

Орташа ♩ = 100

The musical score is written in 2/4 time and consists of six systems of two staves each. The upper staff is in treble clef and the lower staff is in bass clef. The piece begins with a dynamic marking of *f* (forte). The melody in the upper staff starts with a half note, followed by a quarter note, and then a series of eighth notes. A long slur covers the first four measures of the first system. The bass line consists of a series of half notes, each with a slur underneath. The piece concludes with a double bar line and repeat dots in the fifth measure of the sixth system.

12. АСАНҚАЙҒЫ

Орындаган Нығмет Қабдоллаұлы

Орташа ♩ = 86

The musical score is written in treble clef with a 2/4 time signature. It begins with a mezzo-forte (mf) dynamic marking. The melody is characterized by a series of eighth-note patterns, often grouped with slurs. The accompaniment consists of a steady bass line of quarter notes, also slurred. The piece concludes with a repeat sign at the end of the fifth staff.

13. ҚОРҚЫТТЫҢ КҮЙІ

Орындаған Нығмет Қабдоллаұлы

Орташа ♩ = 92

The musical score is written on ten staves. The first staff begins with a treble clef, a 7/8 time signature, and a dynamic marking of *mf*. The tempo is indicated as 'Орташа ♩ = 92'. The melody is written in the treble clef, and the bass line is in the bass clef. The music features a repeating rhythmic pattern of eighth and sixteenth notes with slurs and accents. The score concludes with a double bar line and repeat dots.

14. ЕКЕУ-АЙ ЖАЛҒЫЗ

Орындаган Нығмет Қабдоллаұлы

Тез ♩ = 120

f

15. ЕКІ ЕЛДІҢ АЙЫРЛЫСУЫ

Орындаган Нығмет Қабдоллаұлы

Орташа ♩ = 104

The musical score is written in a single system with ten staves. The first staff begins with a treble clef, a 2/4 time signature, and a dynamic marking of *mf*. The tempo is indicated as 'Орташа' (Moderato) with a quarter note equal to 104 beats per minute. The melody is primarily composed of eighth and sixteenth notes, often beamed together. The bass line consists of sustained chords, mostly dyads, with some triplets. The time signature changes from 2/4 to 3/4 and back to 2/4 throughout the piece. The score concludes with a double bar line at the end of the tenth staff.

16. БӨКЕНІҢ ҚЫЗЫНЫҢ ЗАРЫ

Орындаган Нығмет Қабдоллаұлы

Орташа ♩ = 104

mf

p.

p.